

Жүнісбек ЖҰМАБЕКОВ

Белгілі қазақ ғалымы, тарих ғылымдарының докторы (1971), профессор (1973). Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1978).

1927 жылы 1 қаңтарда Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында дүниеге келген. 1949 жылы Алматы заң институтын бітірген. 1971 жылы «Қазақстанның еңбек шаруаларын социализм құрылысына тартуда КОКП басшылығы (1926-1932 жж.)» тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

1943-1945 жылдары Алматы облысы, Шелек ауданына қарасты Қадам жеті жылдық мектебінің мұғалімі және меңгерушісі болып істеді. 1949-1955 жылдары Алматы заң институтында оқытушы, аға оқытушы, марксизм-ленинизм кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарды. 1955-1958 жылдары – доцент, Семей зооветеринарлық институтының марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі; 1959-1966 жылдары Қазақ дене шынықтыру институтының марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі; 1966-1967 жылдары ҚазКСР Жоғары және орта арнайы білім министрлігінің алқа мүшесі және қоғамдық ғылымдарды оқыту бөлімінің бастығы, сондай-ақ Қазақ дене шынықтыру институты марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі қызметін қоса атқарды.

1974-1980 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, Білім беру, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағының Республикалық комитетінің мүшесі болды.

Екі шақырылымдағы Алматы қалалық Кеңесінің халық депутаты.

Ж.Жұмабеков Қазақстанның ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру тарихын зерттеумен айналысты. Көптеген ғылыми еңбектердің, екі монографияның авторы: «Лениндік іс-әрекеттегі бұқаралық көшбасшылық идеялары (1969)», «Лениндік жол (Қазақстанның еңбек шаруаларын социализм құрылысына тарту жөніндегі КОКП басшылығы)» (1973), «Қазіргі кезеңдегі КОКП аграрлық саясаты» (1975) кітабы және т.б. 100-ден астам ғылыми мақалалары жарық көрген.